

Бородулиха ауданының аумағында жеміс-көкөніс және бақша өнімдерін сататын уақытша сауда нүктелерін, алаңдардың орынын бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2008 жылғы 28 тамыздағы N 8 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет Департаментінің Бородулиха ауданындағы Әділет басқармасында 2008 жылғы 6 қазанда N 5-8-65 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімінің аппаратының 2009 жылғы 28 сәуірдегі N 912 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімінің аппаратының 2009.04.28 N 912 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 4), 5) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсанындағы № 361 "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Заңының 3-бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544 "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, халықтың санитарлық - эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету, жоқ тауарларға қажеттілікті қанағаттандыру үшін Бородулиха ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Бородулиха ауданының аумағында жеміс-көкөніс және бақша өнімдерін сататын алаңдарды, уақытша сауда нүктелері бекітілсін (қосымшаға сәйкес).

2. Бородулиха ауданының кәсіпкерлік бөлімі маусымдық сипаттағы азық-түлік өнімдерін сату үшін тиісті шаралар қолданып, кәсіпкерлердің арасында жеміс-көкөніс өнімдерін жергілікті базарларға және сауда алаңдарына жеткізуді ұлғайтуға және қол жетімділікті кеңейтуге ықпал ететін қажетті түсіндіру жұмысын ұйымдастырсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары В. Н. Х а л и н ғ а жүктелсін.

4. Осы қаулы Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"Бородулиха ауданының аумағында
жеміс-көкөніс және бақша өнімдерін
сататын уақытша сауда нүктелерін,
алаңдардың орынын бекіту туралы"
Бородулиха ауданы әкімдігінің
2008 жылғы 28 тамыз № 8

қаулысына қосымша

**Бородулиха ауданы аумағында жеміс-көкөніс және
бақша өнімдерін сататын сауда нүктелерінің тізбесі**

р/с	Мекен-жайы	Саны
1	Бородулиха ауылы, Тәуелсіздік даңғылы (автокөлікпен сауда) – "Мадина" сауда базарының жанында	4
2	Новая-Шульба ауылы, Гагарина көшесі "Надежда" дүкенінің жанында (автокөлікпен сауда)	4
3	Ново-Покровка ауылы "Надежда" дүкенінің жанында (автокөлікпен сауда)	3
4	Жезкент кенті "Дружба" дүкенінің жанында (автокөлікпен сауда)	4
	Барлығы:	15